

**D056 – «Аударма ісі, синхронды аударма»  
білім беру бағдарламалары тобына  
докторантураға түсушілерге арналған  
емтихан бағдарламасы**

**I. Жалпы ережелер**

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балы
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

**II. Түсу емтиханын өткізу тәртібі**

1. D080 «Биология» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

Эссенің түрлері:

- зерттеу қызметіне ынталандырушы себептерді ашатын мотивациялық эссе;
- жоспарланған зерттеудің өзектілігі мен әдістемесін негіздейтін ғылыми-аналитикалық эссе;
- пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін көрсететін проблемалық/тақырыптық эссе.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

## **Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар:**

### **«Аударматанудағы замануи тенденциялар» пәні**

1. *Тақырып «Аударматанудағы замануи тенденциялар» пәніне кіріспе.* Аударма үдерістері. Аудармадағы шығармашылық табиғаты. Аударманың теориясы мен тәжірибесі. Аударма ғылымы, аударма өнері. Аударматанудағы замануи тенденциялар. Аударма теориясы. Аударма әдістемесі. Аударма техникасы туралы түсінік.

2. *Тақырып Аударма баламалылығы.* Баламалықтың негізгі түрлері мен деңгейлері. Түпнұсқа мәтінінің баламалық негізі. Аударма мәтінінде мағыналық үйлесімділікке жету әдістері. Аударма баламалылығын құрайтын өзара байланысты үш элементтің маңызы.

3. *Тақырып Көркем аударма сипаты.* Әдеби жанрларды аударудың ерекшелігі. Көркем аударманың ғылыми-теориялық ұстанымдары. Көркем және әдеби аударманың ерекшеліктері. Көркем аударма - коммуникативтік қызметтің айрықша түрі. Әдеби мәтінді аударудың алғышарттары. Көркем аударманың мақсаттары. Мәтінді аудармаға дейінгі талдаудың әдеби-стилистикалық әдістері, түпнұсқа мен аударылған мәтіннің коммуникативті, функционалды сәйкестігін анықтау жолдары.

4. *Тақырып Аудармадағы баламалылық деңгейлері теориясы.* Көркем және жазбаша аудармадағы түпнұсқаның баламалылығы мен семантикалық сәйкестік мәселелерін сипаттау. Семантикалық аударма тұжырымдамасы. Пепкен бойынша баламалықты анықтау жолдары. В.Комиссаровтың классификациясы бойынша аударма баламалылық деңгейлерінің теориясы. Ю.А.Найданың баламалық типологиясы. Баламалылық сипатындағы глосс термині.

5. *Тақырып Аударма трансформацияларының типологиясы.* Тілралық қайта құру теориясы. Аудармадағы трансформация және деформация. Көркем аудармадағы лексика-семантикалық трансформация түрлері. Стилистикалық трансформацияның ерекшеліктері. Аудармадағы грамматикалық түрлендірудің түрлері мен әдістері. Трансформациялық аударманың сипаттамалық белгілері мен практикалық әдістері. Аудармадағы баламалықтың ерекшеліктері.

6. *Тақырып Аударматанудың лингвистикалық аспектілері.* Аударма қызметінің лингвистикалық модельдері. Заңды сәйкестіктер теориясы. Аударманың денотативтілік теориясы. Тіл біліміндегі лексикология, лексикография, семасиология принциптеріне негізделген аударманы талдау, мәтіннің грамматикалық-синтаксистік құрылымын анықтау, сөзжасам әдістері, толықтырулар қызметі, сонымен қатар көркем мәтін авторы мен аудармашының стилін зерттеу.

7. *Тақырып Аударматану теориялары.* Дж.Хольтц-Мантьяри теориясы. М.Байкердің Корпус методологиясы. Г.Туридін аударма еңбектері. Дж. Холмс теориясы. Ревзин мен Розенцвейгтің аударма үлгілері. «Баламалы үлгі» Ю.Найда. И.Эвен-Зохар теориясы.

8 *тақырып. Корпустық аударматану және аударманы зерттеудің цифрлық әдістері.* Аударматанудағы корпустық лингвистика. Көптілді және параллель корпустар. Аударма стратегияларын корпустық талдау. Аударма универсалдарын зерттеудегі корпустық әдіснама. Корпустық технологиялардың мүмкіндіктері мен шектеулері. Қазіргі аударматануда үлкен тілдік модельдерді (LLM) қолдану. Аударманы талдаудың цифрлық әдістерінің болашағы.

9-тақырып. Жасанды интеллект және заманауи аударма технологиялары. Аудармадағы нейрожелілік технологиялар. Машиналық аударма және постредакциялау. Аударма қызметіндегі генеративті жасанды интеллект. Аударма тәжірибесіндегі үлкен тілдік модельдер (ChatGPT, DeepL, Gemini және т.б.). Тілдік дәнекерлікті автоматтандыру. Цифрлық дәуірдегі аудармашы рөлінің өзгеруі. Аудармада жасанды интеллектіні қолданудың этикалық аспектілері.

### **«Аударма теориясы мен практикасының заманауи оқыту әдістемесі» пәні**

1. *Тақырып Аударманы оқытудағы инновациялық технологиялар түрлері және оларды оқыту үдерісінде пайдалану.* Инновациялық технологиялардың қазіргі оқыту жүйесінде қолданылуы және аударманы оқыту әдістемесіндегі ерекшелігі. Аударма қызметіндегі қосалқы құралдар. Аударманың заманауи сервистік бағдарламалары. Мәтінді аударуға дайындау жүйесі және электронды сөздіктер жинағы. TRADOS эмбебап бағдарламасының ерекшеліктері. Аударма қызметтерінің еуропалық сапа стандарты EN-15038. Авторлық құқық туралы Берн конвенциясы.

2. *Тақырып Аударманың функционалды-прагматикалық және дискурсивті аспектілері.* Лингвистикадағы дискурс ұғымының аударматанудағы қолданылуы. Көркем аудармадағы прагматикалық бейімдеу түрлері. Аударма барысындағы мәтіннің ұлттық-мәдени бейімделу мәселелері. Ақпарат алушының прагматикалық ықпалды жүзеге асыру мүмкіндіктері. Аударма үдерісіндегі прагматикалық мәселелер.

3. *Тақырып Аударманы талдау, саралау, бағалау және аударма қателіктері мен олқылықтарының себептерін анықтау.* Түпнұсқалық шығармалардың аударылу кезіндегі кеткен түрлі стилистикалық, прагматикалық, лексикалық, логикалық қателіктерді анықтау, олардың себеп-салдарларын айқындап, дәлелдеп көрсету. Аудармадағы деформация деңгейлері Аудармадағы қателіктер типологиясы.

4. *Тақырып Жазбаша аударманы оқыту және инновациялық технологиялардың қолданылуы.* Жазбаша аударманың түрлері, олардың өзіндік құрылымдық сипаттары. Аудару үдерісіндегі басты қиындықтар. Аударманың дәлдігі, баламалығы, сәйкестігі және оған жетудегі ізденістер мен шешімдер. Арнайы аудармалардың түрлері.

5. *Тақырып Ауызша аударманың психо-физиологиялық ерекшеліктері.* Аударма психолингвистикалық өзгерістердің ерекшеліктері. Ауызша аударманың түрлері. Ілеспе аударманың жалпы және өзіндік ерекшеліктері. Ауызша аударманың қиындықтары. Аудару кезіндегі тілдік, психологиялық күрделі жағдайларды шешу амалдары.

6 тақырып. Цифрлық трансформация жағдайындағы аударма қызметінің этикасы. Аудармашының кәсіби этикасы. Ақпараттың құпиялылығы және деректерді қорғау. Машиналық аударма мен жасанды интеллектіні қолдану кезіндегі аудармашының жауапкершілігі. Цифрлық ортадағы авторлық және зияткерлік меншік мәселелері. Аудармашылық интервенция және бейтараптық. Аудармашының кәсіби қызметінің заманауи халықаралық стандарттары.

7. тақырып. Қазіргі аударма индустриясы және аударма қызметтері нарығы. Қазіргі аударма индустриясының құрылымы. Аударма қызметін ұйымдастыру. Аударма компаниялары мен цифрлық платформалар. Машиналық аударманы постредакциялау кәсіби құзырет ретінде. Аудармашының жұмыс орнының эргономикасы. Аудармашылық тандем және аударма қызметінің ұжымдық түрлері. Аудармашының құзыреттеріне қойылатын заманауи талаптар.

### **«Мәдениетаралық коммуникация және аударма мәселелері» пәні**

1. *Тақырып Мәдениеттің қоғамда атқаратын коммуникативтік қызметі.* Мәдениеттің елдің дамуына ықпалы және адамзат өркениетіндегі маңызы. Қоғамдағы коммуникативтік қарым-қатынастағы ерекшелігі және оның адамдардың өмір сүру деңгейіне тигізетін пайдасы.

2. *Тақырып Мәдениет және өркениет.* Халықтар арасындағы мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы және олардың өркениет деңгейіндегі өзара сабақтастығы. Мәдениет - ұлттың өзіндік ерекшелігін айқындап тұратын басты көрсеткіштердің бірі және өркениеттің дамуына ықпалы.

3. *Тақырып Аударманың тіл және мәдениетаралық коммуникациядағы қызметі.* Аударманың халықтарды өзара жақындастырудағы дәнекерлік рөлі. Аудармадағы тілдің ерекшелігі және мәдениетаралық коммуникациядағы қызметі. Көркем аударма - мәдениетаралық қарым-қатынас түрі ретінде.

4. *Тақырып Аударманың коммуникативтік, эстетикалық, қоғамдық талаптары.* Аударманың адамдардың өзара қарым-қатынасындағы түсінісу жағдайындағы сипаты, оның теориялық негіздері мен коммуникативтік, эстетикалық, қоғамдық талаптары. Аударманың әлеуметтік мақсаты. Аудармадағы тілдік делдалдықтың түрлері.

5. *Тақырып Аударма және тіл мәдениеті.* Аударманың тілді дамытудағы ерекшелігі. Ұлттардың әдебиеті мен мәдениетін жақындастырудағы рөлі.

#### **«Аударма теориясы» пәні**

1. *Тақырып Аударма теориясына кіріспе.* Аударма трансформациясы, аудармаға қойылатын негізгі талаптар мен оған тән белгілері, аударма тәсілдері, аударма мәтінінің түпнұсқамен сәйкестігін талдау және ғылыми негізделген тұжырымдар жасау.

2. *Тақырып Әдеби аударматану.* Мәтінді талдаудың әдеби-стилистикалық әдістері, түпнұсқа мен аударылған мәтіннің коммуникативті, функционалды сәйкестігін анықтау.

3. *Тақырып Лингвистикалық аударматану.* Тіл біліміндегі лексикология, лексикография, семасиология принциптеріне негізделген аударманы талдау, мәтіннің грамматикалық-синтаксистік құрылымын анықтау, сөзжасам әдістері, толықтырулар қызметі, сонымен қатар көркем мәтін авторы мен аудармашының стилін зерттеу.

4. *Тақырып Аударма баламалығы туралы түсінік.* Көркем прозаны аударудағы коммуникативтілік мәселелері, баламалылықтың бес түрі және олардың қызметімен танысу.

5. *Тақырып Аудармада кезіндегі трансформация.* Аударма процесін оқыту барысында теориялық модельдер мен әртүрлі типтегі өзгерістер қарастырылады.

### **III. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

#### **Негізгі:**

1. Anthony Pym Exploring Translation Theories 2nd Edition, Kindle Edition 2017
2. Chesterman Andrew. Reflections on Translation Theory: Selected Papers 1993 – 2014. John Benjamins Publishing Company, 2017. – 408 p.
3. Miram G. Translation Algorithms. Kyiv, 1998.
4. Munday J Translation Studies Theries and Applications – London and N.Y.2002.
5. Seleskovith D. interpreting for international Conferences. – Washington.1994.
6. Sergio Viaggio Translation Theory and Practice Paperback –2018
7. Абрамов С.Н. Герменевтика, интерпретация, текст. – СПб 2006 – 195с.
8. Агеев В.В. Семиотика. – М. 2002. – 268с.
9. Алексеева И.С. Текст и перевод. Вопросы теории. – М.: Международные отношения,2008. – 184 с.
10. Бабалова Г. Теория перевода: Курс лекций. Учебное пособие. – 2020
11. Богатская Е.Ю. Невольникова Р.В. Курс лекций по теории перевода. – Ростов на Дону. 2011. – 189с.
12. Брандес М.П. Провоторов В.И. Предпереводческий анализ текста –М. 2003.
13. Бреус Е. В Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. – М.2001. –192с
14. Виноградов В.С. Введение в переводоведение. – М. 2001. – 224с.
15. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе – М., 1996.
16. Выгузова Е. Теория переводческой эквивалентности через призму антропоцентризма: Проблемы эквивалентности в свете современной теории перевода – 2018
17. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М.:Изд. МГУ. 2007. – 544 с.
18. Гудков Д.Б. Межкультурная коммуникация: проблемы обучения. –М., МГУ.2000. – 287с.
19. Дюришин Д. Посредническая функция художественного перевода. – М. 1987. – С. 166-182.

20. Есембеков Т.О. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.
21. Жаксылыков А.Ж. Художественный перевод и литературный процесс. Алматы, 2013
22. Залевская А. Введение в психолингвистику. - М. 1999 . – 177с.
23. Казакова Т.А. Художественный перевод: в поисках истины. – СПб. 2006. 224с
24. Ковалева К.И. Оригинал и перевод: два лица одного текста. – М. 2001. -156с.
25. Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М., 2002. – 236с
26. Кэтфорд Дж. лингвистическая теория перевода. – М. 2004. – 286с.
27. Латышев Л.К. Технология перевода. – М. 2001. – 236с.
28. Львовская З.Д. Современные проблемы перевода. – М. 2008. – 224с.
29. Миньяр-Белоручев Р.К. Теория и методы перевода. – М. 1996. – 246с.
30. Сагындыкова Н.Ж. Основы художественного перевода. – Алматы. 1996.
31. Семенов А.Л. Основы общей теории перевода и переводческой деятельности. – М. 2008. – 160с.
32. Сорокин Ю. Переводоведение. Статус переводчика и психогерменевтические процедуры. – М. 2003. – 412с.
33. Томберг О.В.. Теория и практика перевода. – Екатеринбург. 2021. –161с
34. Тюленев С.В. Теория перевода. – М.: 2004. – 336с.
35. Федоров А.В. Основы общей теории перевода. – СПб. 2002. – 415с.
36. Хайруллин В.И, Лингвокультурологические и когнитивные аспекты перевода. – М., 1995. – 355с.
37. Чернов Г.В. Теория и практика синхронного перевода. – М.: Международные отношения, 2008. – 284 с.
38. Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. – М. 2002 – 216 с.

#### **Қосымша:**

1. «Филология, лингводидактика және аударматану: өзекті мәселелері мен даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
2. Алимов В.В. Теория перевода: Пособие для лингвистов-переводчиков. – М. 2016. – 240 с.
3. Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода. – М.: ЛКИ, 2017. – 240 с.
4. Гак В.Г., Григорьев Б.Б. Теория и практика перевода. – М., 2003. – 184с.
5. Галеева Н.Л. Параметры художественного текста и перевод. – Тверь, 2010. – 236с
6. Дзенс Н.И., Перевышина И.Р., Кошкарров В.А. Теория и практика перевода. – СПб: Антология, 2007. – 560 с.
7. Калинина В.Д. Теория и практика перевода. – М., 2018.
8. Коняева Е.В. Практический курс перевода: Английский язык: учеб. –метод. Пособие. – М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2018. – 114 с.
9. Мишкурин Э. Герменевтический поворот в современной теории и методологии перевода. – М. 2016. – 296с.
10. Оболенская Ю.Л. Художественный перевод и межкультурная коммуникация. – М. 2006. – 335с.
11. Псурцев Д.В. Стратегия перевода. – М. 2010. – 158с.
12. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. – М. 1994. – 178с.
13. Рецкер Я.И. Теория перевода и переводческая практика. Очерки лингвистической теории перевода. – М.: Аудитория, 2016. – 244 с.
14. Сдобников В.В., Петрова О.В. Теория перевода. – М., 2016. – 448 с.
15. Семенов А.Л. Основные положения общей теории перевода. – М. 2005.

16. Швейцер А.Д. Теория перевода: Статус, проблемы, аспекты. – М.: КД Либроком, 2019 – 216 с.